

ӘОЖ 327:601

«ШЫҒЫС СЕРІКТЕСТІГІ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ РЕСЕЙДІҢ ҰСТАНЫМЫ

Мадярбекова Айым Бахытқалиқызы

aiym.bakhytkali@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің
Аймақтану кафедрасының докторанты,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші – Нурсултанова Л.Н.

Шығыс серіктестігі Еуропалық Одақтың (ЕО) Көршілік саясатының аймақтық деңгейде жүзеге асырылатын 2009 жылғы Прага саммиті барысында бастау алған бағдарламасы болып табылады. Посткеңестік кеңістіктегі алты ел - Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Молдова және Украина кіретін Шығыс серіктестігі жобасының басты мақсаты, серіктес елдерді еуропалық құндылықтар, нормалар және стандарттарға негізделген терең ынтымақтастық пен интеграция арқылы Еуропалық Одаққа жақындату болып табылады. Екіжақты деңгейдегі байланыс аясында ЕО-ның жекелеген серіктес елдермен қауымдастық келісімдерін жасасуға, терең және жан-жақты еркін сауда аймақтарын құруға және визасыз тәртіптерді енгізуге бағытталған қатынастарын қамтиды. Бастаманы іске қосқан алғашқы Біріккен декларация Шығыс серіктестігі еуропалық көршілік саясатының, прагматизмді идеалдардан жоғары қоятын жаңа, прагматикалық нұсқасы екенін айқын көрсетті.

Алғашқы декларацияға сәйкес бастамаға қатысу Еуропалық Одаққа мүше болу мүмкіндігі қарастырылмайды. Алайда, визасыз режим мен трансшекаралық ынтымақтастық экономикалық теңсіздік мәселесін жеңуге бағытталған міндеттемелерді орындауға оң ықпал ету керек.

Серіктестіктің жоғарғы органы әр екі жылда бір рет өтіп отыратын саммит форматындағы кездесу. Сыртқы істер министрлерінің басқосуы жыл сайын, ал үкіметтік деңгейде өтіп отыратын кездесулер ынтымақтастықтың негізгі салалары бойынша әр жарты жылда ұйымдастырылады. Аталмыш салалар, яғни өзара әрекеттестіктің өзекті аймақтары 2015 жылы өткен Рига саммиті барысында бекітілген төрт платформа:

- демократия, тиімді басқару және тұрақтылық;
- экономикалық интеграция және саясатпен жақындасу;
- энергетикалық қауіпсіздік;
- адамдар арасындағы байланысты дамыту.

Жалпы қазіргі таңға дейін жеті саммит өтті. Оның ішінде: бесеуі дәстүрлі форматта, біреуі Covid пандемиясына байланысты видеоконференция түрінде және біреуі бағдарламаның он жылдығына арналған конференция нысанында.

Бағдарлама аясында қол жеткізілген басты жетістіктері Украина, Грузия және Молдова елдері мен Еурпалық Одақ арасында жеке-жеке жасасқан Қауымдастық жөніндегі келісімдер. Осы келісімдердің маңызды бір тармағы болып табылатын ерекше нәтиже үш еркін сауда аймағының құрылуы. Экономикалық интеграцияның мұндай нысаны осы елдердің сауда қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық базаларын еуропалық стандартқа сай реформалауға жол ашты. Әрине, бұл өз кезегінде серіктес елдер үшін еуропалық нарыққа өзге

елдерге қарағанда тиімді жолмен шығуларына мүмкіндік береді. Оның үстіне жоғарыда аталған үш мемлекеттің азаматтары үшін Шенген аймағына еркін кіру құқығын беретін визасыз тәртіп орнатылды. Сонымен қатар екі ел арасындағы сауда қатынастары мен саяси-құқықтық қатынастарды реттейтін ЕО мен Армения арасында Жан-жақты және кеңейтілген серіктестік туралы келісім жасалды. Осылайша Еуропалық Одақ шығыс көршілерінің ең ірі сауда серіктесіне айналды.

Яғни, мұның барлығы Еуропалық Одақ пен Шығыс Серіктестік елдері арасындағы өзара байланыс деңгейінің айқын түрде жоғарылағанын көрсетеді. Дегенмен, әлде де Еуропалық Одақтың осы аймақтағы беделінің нығайғынының көрінісі анықталмайды. Қауіпсіздік және демократия тұсынан қарайтын болсақ, қарастырылып отырған аймаққа бағытталған еуропалық дипломатияның әлде де осал тұстары бар екенін аңғарамыз. Атап айтқанда, алға қойған мақсаттарының көп бөлігіне қол жеткізе алмауы және аймақтағы тенденцияның нашарлау процесінің алдын ала алмауы. Мұндай жағдайлар еуропалық дипломаттардың көпвекторлы саясат бағытында ұстануы салдарынан көп мәселелерге байланысты (Украина, Нагорлы Карабах мәселелері сияқты) тікелей араласпай, керісінше алшақтау тұру позициясына жол беруде.

Батыс дипломатияның осындай осал тұстарын көре тұра, сонымен қатар өздерінің посткеңестік аймақтағы ықпалынан айрылғысы келмейтін Ресей де өз саясатын жүргізуде. Жалпы халықаралық қатынастар тарихына үңілетін болсақ, Ресей мен Батыс арасындағы қарым-қатынас үнемі бәсекелестік, қақтығыстық, қарама-қайшылықты ұстанымдармен сипатталады. Бұл жолы да жағдай еш ерекшеленбейді. Шығыс серіктестігін зерттегенде Ресей Федерациясының (РФ) ұстанымын ескермеу мүмкін емес. Себебі бастамаға мүше мемлекеттер тарих, геосаясат, тіл, кейбір жағдайда дін мәселелері бойынша Ресеймен тығыз байланыста болған. Сондықтан да РФ Еуропалық Одақтың бұл бағдарламасын жақсы қарсы алмады.

Жағдай ЕО-ның Шығыс серіктестігі жобасына қатысу жөнінде ең ірі шығыс серіктесі Ресейді шақырмау туралы шешімінен кейін қиындай түсті. ЕО дипломатиясы бұл қадамына сылтау ретінде, Шығыс серіктестігі бағдарламасы тек тармағы, яғни бір бөлігі болып табылатын ауқымды Еуропалық көршілік саясатының бөлігі болу туралы алғашқы ұсынысынан Ресейдің бас тартуын меңзейді.

Ресей дипломатиясы өз кезегінде, нақты себеп ретінде Кеңес Одағының ядролық мұра мәселесі шешілген кезде Еуропалық Одақ Ресейдің посткеңестік аймақтағы мемлекеттерден бөлінуін және де осы процестің салдарынан бұрынғы үлкен қауіптің көзі Кеңес Одағы ешқашан оралмайтындығының кепілі ретінде қабылдауы, өзін осы аймақтан түгелдей ысырып тастағандай қабылдады. Осылайша Шығыс серіктестігі еуропалық көршілік саясатының қисынды жалғасы болғандықтан, ЕО Ресейді посткеңестік кеңістіктегі келесі жобасына шақырмау туралы аргумент алды деген астыртын себеп келтіруде.

Жалпы еуропалық дипломатияның Шығыс Серіктестігінің ешбір мағынада Ресейге қарсы бағытталмағандығын баса сипаттауына қарамастан, Ресей өзі орналасқан континентте жобаланатын, өте үлкен экономикалық, технологиялық және әскери күшке ие Еуропалық Одақтың кез келген стратегиялық бастамалары мен қадамдарына аса негативті түрде қарсы алады.

Сонда да бастапқыда Ресейдің Шығыс серіктестігіне деген көзқарасы айтарлықтай ұстамды болды. Алайда, Ресейде ЕО-ның посткеңестік аймақта өзіндік ықпал ету аймағын құру жоспарлары, осы ауқымды бағдарлама шеңберінде Ресейдің алты елдің басым серіктесі мәртебесінен айырылу мүмкіндігі, аймақтағы ресейлік интеграциялық жоспарларға балама жасауы алаңдаушылық тудырды. Украинаның 2013 жылдың 28-29 қарашасында Вильнюсте өткен шығыс серіктестігі саммитінде ЕО-мен Қауымдастық туралы келісімге қол қою туралы шешіміне байланысты жағдай өзгере бастап, Ресейдің үрейі күшейе түсті. Украинаның мұндай қадамы Еуропалық Одаққа мүше болудың кезекті іс-әрекеті ретінде қабылданды. Бұл өз кезегінде Украинаға әсер ететін ықпалынан айрылатына әкеп соғатынан күмәні болмады.

Осыған байланысты, серіктес елдерге байланысты Шығыс серіктестігінің бастамашылары еуропалық бірегейлік пен бейімділік тән болған Орталық және Шығыс

Еуропа мен Балтық елдеріндегі тәжірибелеріне сүйенуі ресей зерттеушілерінің ойынша қателік болып табылады. Сондай ақ, посткеңестік аймақтағы жағдай оған мүлдем ұқсас емес деген ұстанымда. Мұндай көзқарастың астарында Украина мен Молдованың Ресей және Еуропалық Одақпен қарым-қатынасында еуропалық бағытқа қарай беттеуіне алаңдаулары жатыр. Осы алаңдаулардың нәтижесінде түрлі аймақтық стратегиялардың: ЕО-нің Шығыс серіктестігі мен Ресейдің мүдделері арасындағы қақтығыстар, сонымен қатар Украинаның алдында қойылған таңдау талабы үлкен жанжалға әкеп соқты.

Шығыс серіктестігі мүше мемлекеттерге әртүрлі мақсаттарды көздейтін өте кең халықтар мен елдерге ортақ идеология ұсынды. Украина, Молдова және Грузияның түпкі мақсаты ЕО-ға мүше болу болса, Армения, Беларусь және Әзірбайжан керісінше мұндай мақсатты көздемеді. Сонымен қатар, Армения мен Беларусьтің Ресемен өзара байланысы мен өзара тәуелділігінің деңгейі тым жоғары. Оның үстіне, Беларусь пен Армения, Ресейдің Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымындағы және Еуразиялық экономикалық одақтағы серіктестері бола тұра, Шығыс серіктестігі шеңберінде ұсынылған, саяси реформаларға байланысты екі түрлі бағытты ұстануда. Беларусь оларға аса қызығушылық танытпайтын болса, Армения, керісінше, өзіне Қауымдастық туралы келісімнің саяси бөлігі бойынша ғана міндеттеме қабылдады. Әзірбайжан болса, еуропалық құндылықтарды мойындамайтын әлемнің өзге дініне жатады. Оның үстіне, негізгі қызығушылықты келісімнің энергетикалық құрамдас бөлігіне, әсіресе «Оңтүстік газ дәлізі» жобасына танытуда.

Осындай түрлі стратегиялық дипломатияны негізге алатын мемлекеттерді бір бастамаға біріктіріп, соларға қатысты бірыңғай ынтымақтастық тәсілін қолдануды жүзеге асырып отырған Еуропалық Одақтың саясатына Ресей негативті тұрғыда сынауда. Әсіресе, реформаларды жүргізу жөнінде шешім қабылдаған мемлекеттер үшін, түрлі салалар бойынша әкеп соғатын салдарларының қандай және қалай болатынын дұрыс анықтай алмағанын меңзейді. Шын мәнінде, осындай ақаулықтардың нәтижесінде еуропалық дипломатия мұқият ойластырылған қаржылық шаралар таңдауын, Еуропалық Одақтың нормалары мен стандарттарына өтуге қажетті уақыт шеңберін ұсына алмаған болатын.

Қорытындылай келетін болсақ, Шығыс серіктестігі Еуропалық Одақпен Қауымдастық туралы келісімге қол қойған елдер арасындағы ынтымақтастықтың кейбір қосымша мүмкіндіктерін атап өтіп, іс жүзінде осы келісімдер негізінде қайта қаралып, қайта форматталуы қажет деген ұстаным оң саналады. Ресей мен ЕО арасындағы геосаяси бақталастық, қай жерде болмасын, қайшылықтарға әкелуі мүмкін. Осыған қарамастан, аймақтағы бейбітшілікті қалпына келтіруді және Еуропалық Одақ пен Ресей арасындағы қалыпты қарым-қатынасты реттеуді көздейтін ең жақсы болжам бойынша посткеңестік аймақтағы нақты функционалдық жобаларға негізделген ынтымақтастықтың жаңа шеңберін ұйымдастыруға талпынып көруге болады. Осы тұрғыдан алғанда, Шығыс серіктестігі жобасы континенттің болашағы үшін үлкен маңызға ие болу мүмкіндігіне ие: Еуропаның проблемалары оның шекарасы аумағында болуына қарамастан, Шығыс Еуропамен ынтымақтастық пен серіктестік демократиялық принциптерді сақтау үшін азаматтық қоғамға сенім арта алады, бұл өз кезегінде Еуропалық Одақ пен Ресейдің арасындағы қарым-қатынастардың жақсы болуына да байланысты екенін ескрген жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Joint declaration of the Eastern partnership Summit (Riga. 21-22 May 2015) // <https://www.consilium.europa.eu/media/21526/riga-declaration-220515-final.pdf>
2. Шишелина Л., Программа Восточного партнерства накануне десятилетия // Научно-аналитический вестник ИЕ РАН, 2018, №6, с.28-34.
3. Чувахина Л., Восточное партнерство: новый этап в развитии отношений Европейского Союза со странами постсоветского пространства // Вестник университета, 2018, №4, с.24-30.
4. Бочарова З., Интеграционные процессы в рамках восточного партнерства // Проблемы управления, 2018, №3, т.3, с.61-66.